



БҰЙРЫҚ

01.08.2023

Шахтинск қаласы

ПРИКАЗ

№ 172

город Шахтинск

2023-2024 жаңа оқу жылында ауыз су режимін ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы 3-тарау 30-тармағын негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 1-11 сынып оқушыларына ауыз су режимі ұйымдастырылсын.
2. Суға арналған кулерлер (диспенсерлер) өндірушінің нұсқаулығына сәйкес тұрақты түрде тазартылып, су ішу үшін таза ыдыс (шыны, фаянс ыдыс, бір рет қолданылатын стақандар) пайдаланылсын.
3. Жеке шөлмек сыйымдылықты пайдалануға рұқсат етіледі. Қайнаған ауыз су 3 сағаттан аспай сақталған жағдайда оны пайдалануға жол берілсін.
4. Стационарлық ауыз су бұрқақтарының конструктивтік шешімдері судың тік ағынының айналасында биіктігі кемінде он сантиметр болатын шектеу сақинасының болуын қарастырылсын.
5. Ауыз су режимін ұйымдастыруды, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің сабақ уақытында олардың ауыз суға еркін қолжетімдігі камтамасыз етуге медбике Х.У.Жанахметова және аға тәлімгер Л.Бүркітбай жауапты болып тағайындалсын.
6. 2022 жылғы 01 қыркүйектегі №104 бұйрықтың күші жойылсын.
7. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.М.Мухаметжановаға жүктелсін.

Негіздеме: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы

Директор



М.Аккулова